# II МОДУЛЬ ЕТІСТІКТЕР

## 6-сабақ Не істедіңіз?

### 1. Сұхбатты тыңдаңыз.

- Кеше не істедіңіз?
- Кеше іспен таныстым.
- Тараптарға хабарластыңыз ба?
- Иә, тараптармен сөйлестім.
- Істі архивке тапсырдыңыз ба?
- Жоқ, тапсырмадым.

### 2. Тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.


кітап оқыдым


есеп дайындадым


сөйлестім


сотқа қатыстым


хат жаздым


сауалнама толтырдым


тапсырманы орындадым


іспен таныстым


отырыс өткіздім


сараптамаға жібердім


сұрадым


жауап бердім


растадым


тыңдадым


хабарластым


шешім шығардым



LIVEWORKSHEETS

## 3. Үлгі бойынша етістіктерді өткен шақта жазыңыз.

-ты -ті -ды -ді

Мен { барды___, оқы___, толтыр___, көр___, орында___, тапсыр___, өткіз___ } +м

Мен { жауап бер___, түсін___, таңда___, сұра___, кездес___, сөйлес___, қатыс___ } +м

## 4. Тиісті сөздерді жазыңыз.

Мен іссапардан келдім
Мен кеше хаттама ___.
Мен шешім ___.
Мен тараптармен ___.
Мен кеше сотқа ___.
Мен сауалнама ___.
Мен сұраққа жауап ___.
Мен құжаттарды архивке ___.
Мен құжаттарға қол ___.

| | | |
|---|---|---|
| Мен | | -м |
| Сен<br>Сіз | етістік + ды/ді<br>ты/ті + | -ң<br>-ңыз/-ңіз |
| Ол | | – |

## 5. Сұхбатты оқыңыз.



Еламан Ұзақұлы

- Сіз кеше не істедіңіз?
- Мен кеше іс материалдарымен таныстым, жалпы отырысқа қатыстым.
- Сіз кеше не істедіңіз?
- Мен хаттама жаздым, құжаттарды архивке дайындадым.



Әмірхан Саятбекұлы

## 6. Сұхбаттың көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

- Еламан кеше не істеді?
- Ол іс материалдарымен ___, жалпы отырысқа ___.
- Әмірхан не істеді?
- Ол хаттама ___, құжаттарды архивке ___.



LIVEWORKSHEETS

## 7. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.






| | | | |
|---|---|---|---|
| __________ хаттама жазды. | __________ құқықтарымен танысты. | __________ сұрақтарға жауап берді. | __________ куәгерге сұрақ қойды. |






| | | | |
|---|---|---|---|
| ________шешім шығарды. | __________құжаттармен танысты. | __________ шағымын айтты. | __________ растады. |

## 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Хатшы не істеді?
Аудармашы не істеді?
Талапкер не істеді?
Сот не істеді?
Прокурор не істеді?
Айыпталушы не істеді?
Адвокат не істеді?
Куәгер не істеді?

Хатшы хаттама жазды.

## 9. Оқыңыз.

Мен құқықтық бөлімде жұмыс істеймін. Бөлімде 4 маман жұмыс істейді. Кеше Еламан еңбек демалысынан шықты. Істерді қабылдап алды. Мадина Алматыға іссапарға кетті. Әмірхан іс материалдарын архивке тапсырды. Мен арыз-шағымдарды тіркедім. Тараптарды сот отырысына шақырдым.






| | | | |
|---|---|---|---|
| Асхат не істеді? | Мадина не істеді? | Әмірхан не істеді? | Ақнұр не істеді? |
| __________ | __________ | __________ | __________ |



LIVEWORKSHEETS

## 10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Сен іс материалдарымен таныстың ба?
Сен шешім шығар______ ба?
Сен істерді қабылда______ ба?
Сен арыз-шағымдарды тірке______ бе?
Сен сот шешімін түсіндір_______ бе?
Сен тізім жаса_______ ба?
Сен тараптарды сот отырысына шақыр_______ ба?

| | Өткен шақ | Жіктік жалғауы II жақ |
|---|---|---|
| Сен | етістік + ды/ді ты/ті + | -ң |

## 11. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

| | Болымсыз етістік | Өткен шақ + жіктік жалғауы I жақ |
|---|---|---|
| Мен | жаз-ба<br>тыңда-ма<br>аш-па<br>қой-ма | ды + м |

Мен жоспарды бекіттім.
Мен ақпаратты ұсындым.
Мен талап-арызбен таныстым.
Мен сот отырысына қатыстым.
Мен шешім шығардым.

Мен жоспарды бекітпедім.
Мен____________________
Мен____________________
Мен____________________
Мен____________________

## 12. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз тараптармен кездестіңіз бе? Иә, мен тараптармен кездестім.
Мен тараптармен кездеспедім.

Сіз ақпаратты ұсындыңыз ба? Иә, ________________
Сіз жоспарды бекіттіңіз бе? Иә, ________________
Сіз тізім жасадыңыз ба? Иә, ________________
Сіз іс материалдарымен таныстыңыз ба? Иә, ________________
Сіз арыз-шағымды тіркедіңіз бе? Иә, ________________
Сіз құжаттарды дайындадыңыз ба? Иә, ________________

## 13. Берілген сөздердің көмегімен сұхбаттасыңыз.

таныстым
сөйлестім
шақырдым
орындамадым
Кеше не істедіңіз?
хабарластым
көрмедім
өткіздім



LIVEWORKSHEETS